**Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 1048 Қаулысы

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1048 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама

Астана, 2010 жыл

## Мазмұны

Бағдарламаның паспорты
Кіріспе
1. Ағымдағы ахуалды талдау
2. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

3. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері
4. Қажетті ресурстар
Іс-шаралар жоспары

## Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Бағдарламаның паспортына өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1729; 23.10.2013 N 1139 қаулыларымен.

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін Стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді |
| Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі |
| Мақсаты | Туризм индустриясын орнықты дамыту |
| Міндеттері | Бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру; Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру; Туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту; Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру |
| Іске асыру мерзімдері (кезеңдері) | 2010-2014 жылдар |
| Нысаналы индикаторлар | Ішкі және келу туризмі үшін орналастыру орындарының санын арттыру; |

Ішкі және келу туризмі үшін төсек/тәулік орнын беру жолымен қонақүйлердің толтырылуын арттыру

Қаржыландыру Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және көздері мен жергілікті бюджет қаражатының есебінен және көлемдері шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылатын болады.
Бағдарламаны 2010 - 2014 жылдары іске асыруға барлығы 4 252 145 377,8 мың теңге: республикалық бюджеттен: 2010 жылы - 750 364,0 мың теңге; 2011 жылы - 2 811 492,0 мың теңге; 2012 жылы - 269 625,0 мың теңге*; 2013 жылы - 269 625,0 мың теңге*;
2014 жылы - 268 825,0 мың. теңге*;
жергілікті бюджеттен: 2010 жылы - 8 766,8 мың теңге;
2011 жылы - 361 180,0 мың теңге;
инвестициялар есебінен: 4 247 405 500,0 мың теңге талап етіледі.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін Стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама инфрақұрылымды жасау және дамыту жолымен туризм индустриясын орнықты дамытуға, Қазақстанның туристік бағыт ретіндегі тартымдылығын арттыру үшін оның имиджін қалыптастыруға бағытталған.

## 1. Ағымдағы ахуалды талдау

Туристік саланың даму серпіні туризм индустриясы көрсеткіштерінің орнықсыз өсуімен сипатталады. Айталық, 2009 жылдың қорытындылары бойынша келушілер саны 2008 жылмен салыстырғанда 4,1 %-ға өсті, сыртқа шығушылар туризмі 22,3 %-ға

өсті, алайда ішкі туризм көлемі 4,7 %-ға азайды және 4 055,7 мың адамды құрады.

Көрсетілген туристік қызметтердің жалпы көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 0,3 %-ға кемінде және 65,8 млрд. теңгені құрады. Салыстыра қарасақ, 2008 жылғы тиісті көрсеткіштің өсуі 2007 жылға қарағанда 22,6 %-ды құраған (53,8 млрд. теңгеден 66,0 млрд. теңгеге дейін).

Негізгі көрсеткіштердің төмендеуі әлемдік экономикадағы жағдаймен түсіндіріледі.

Экономикалық және қаржылық дағдарыс сырттан келушілер туризміне де теріс әсер етті, оның көлемі соңғы екі жылда 5,3 млн. туристен 4,3 млн. туристке дейін немесе 18,9 %-ға төмендеді.

Сырттан келушілер туризмі статистикасының деректері де сапар мақсаттары бойынша келушілерді бөлу сияқты көрсеткіштердің төмендегені көрсетіп отыр, соның ішінде бос уақыт пен демалыс үшін сапарлар 2008 жылмен салыстырғанда 19,8 %-ға немесе 1541 адамға төмендеген. Сонымен қатар, сатылған жолдамалардың саны да 3 242 бірлікке немесе 44 %-ға қысқарған.

2007 - 2010 жылдар ішінде саланың дамуы Мемлекет басшысының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 231 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға негізделді.

Бұл кезеңде нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілді. 2008 жылы туристік қызмет мәселелері жөніндегі бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілді және Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) туризм мәселелері жөніндегі бұйрықтары бекітілді.

Министрлік имиджді қалыптастыру жөніндегі, оның ішінде Қазақстан туризмін шетелде ақпараттық насихаттау жөніндегі жұмыстарды тұрақты негізде жүргізіп отырғанын атап кету керек. Негізгі бағыттары жарнамалық бейнероликтерді жасау және әлемнің жетекші телеарналарында көрсету, ірі халықаралық туристік көрмелерге қатысу болып табылады.

2009 жылғы қазан айында Астана қаласында Дүниежүзілік туристік ұйымның (бұдан әрі - ЮНДТҰ) Бас Ассамблеясының 18-сессиясының өткізілуі 2009 жылы басты имидждік оқиға болды, оның жұмысына ЮНДТҰ ұйымдарының нақты мүшелері, 146 мемлекеттен 700-ден астам делегат, сондай-ақ шетелдік әлемдік БАҚ өкілдері қатысты.

ЮНДТҰ Бас Ассамблеясы жұмысының қорытындысы бойынша әлемдік туризм үшін стратегиялық маңызы бар құжаттар қабылданды:

1. Жібек жолында туризмді дамыту жөніндегі Астана декларациясы.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 29 тамызды - ядролық қарудан бас тартудың Дүниежүзілік Күні деп жариялау туралы бастамасын қолдау туралы.

Қабылдаған шаралардың арқасында зор туристік әлеуеті, бірегей табиғаты мен бай тарихи-мәдени мұрасы бар ел ретінде Қазақстан туралы айтыла бастады.

Жергілікті жерде туризмнің дамуын тежеп отырған негізгі проблемалар мен себептерді анықтау мақсатында 2008 жылғы маусымнан бастап 2009 жылғы шілдеге дейінгі кезеңде Корея Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігі зерттеулер жүргізді және 2009 жылғы желтоқсанда «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық жедел автомагистралі бойында ұлттық туристік кластерді құру» мастер-жоспары әзірленді.

Мастер-жоспардың ұсынымдары Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде туризмді дамытудың одан әрі пайымдауын қалыптастыру үшін негіз болды.

Туристік саланың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| Туризмнің экономикаға нақты үлесін бағалауға мүмкіндік беретін ТҚШ енгізу<br>Туристік индустрия инфрақұрылымының болуы<br>Туристік саланы дамытуға арналған заңнамалық және нормативтік-құқықтық негіз<br>Халықаралық нарықта экотуризмге жоғары қызығушылық (8,9 млн. адам немесе жалпы әлеуеттің 63 %), оны дамыту үшін Қазақстанда әлеует бар:<br>- Алматы қаласында Экологиялық туризмнің ақпараттық ресурстық орталығы жұмыс істейді;<br>- қонақжай үйлер құрылуда;<br>- МҰТП жұмыс істейді.<br>Мәдени-тарихи туризмді дамытуға мүмкіндік беретін Қазақстанның бірегей мәдениеті мен тарихы<br>Тау шаңғысы туризмін дамытуға арналған табиғи жағдайлар<br>Кадрлық ресурстарымен қамтамасыз етілу | Барлық инфрақұрылым қалаларда және ірі елді мекендерде орналасқан Инфрақұрылымның халықаралық талаптарға сәйкес келмеуі Туристердің қызығушылық танытатын объектілерде көп күн болуы үшін жағдайлардың болмауы Инвесторларға демеу қаржы бөлу, жеңілдіктер беру және салық жеңілдіктерін беру механизмінің жоқтығы; Қазақстандағы экотуризмді дамыту тәсілдері және саясаты қалыптастырылмаған.<br>Туристік объектілерге апарар жолдың сапасының төмендігі/болмауы<br>Кадрлар даярлау бағдарламасының нарықтың нақты қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі |
| Мүмкіндіктер | Қауіптер |
| Жаңа жұмыс орындарын, оның ішінде ауылдық жерлерде ашу<br>Халықаралық туристік қызмет нарығында Қазақстанның деңгейінің жоғары болуы, бұл бюджетке инвестицияның және кірістің түсуін қамтамасыз етеді<br>Ұлттық туристік өнімді құру<br>Сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм бойынша туристердің ағынын көбейту | Біркүндік бағдарлар санының көбеюі<br>Туристік ағымдар көлемінің төмендеуі<br>Инвестициялық белсенділіктің төменгі деңгейі<br>Қазақстанның туризм үшін қолайсыз ел ретіндегі бейнесінің қалыптасуы, сонымен қатар оның инвестициялық тартымдылығының төмендеуі |

Шешілмеген күйінде қалып отырған, бірақ туризм саласының дамуы үшін негізгі мәселелер болып табылатын бірқатар проблемалық мәселелерді атап өту қажет.

Саланы дамытудың негізі ретінде туризм индустриясының инфрақұрылымы бүгінгі күні 2009 жылдың қорытындылары бойынша - 1235 бірлік орналастыру орнын құрап отыр.

Оның орнықты өсу үрдісі байқалып отырғанына қарамастан, негізінен, орналастыру орындары қалаларда және ірі елді мекендерде орналасқан. Тек шетелдік туристерге

ғана емес, сондай-ақ отандық туристерге қолайлы жағдайлар туғызу үшін, елді мекендер арасындағы ұзақ қашықтықтарды есепке алсақ, олардың автомобиль жолдарының бойында белгілі бір учаскелерде орналасқаны маңызды.

Сонымен қатар, туристік объектілердің оқшауланған жерлерінде немесе туристік бағдарлардың торапты нүктелерінде орналастыру жағдайларының болмауы бұқаралық сырттан келушілер туризмін және ішкі туризмді дамытуға кедергі келтіреді. Нәтижесінде ішкі туризмде ұзындығы 400 - 500 км болатын бір күндік турлар басым болып келеді, ал бұл - жолға көп уақыт шығындалатынын куәландырады. Мұндай сапарлар жалықтырады, туристердің көпшілігінде жағымсыз естеліктер қалдырады.

Тағы бір шешімін талап ететін проблеманың бірі әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында отандық инвесторлар тәуекелге бармайды және туристік объектілердің құрылысына одан әрі қаражат салмайтын болады. Туризм инфрақұрылымын дамыту үшін туристік ұйымдарға жеңілдіктер беру және ұзақ мерзімді несиелеу механизмін жасау бәсекеге қабілетті туризм индустриясын дамытуға инвестициялар көлемінің өсуіне ықпал жасайды.

Туризмді дамытуды басты жолға қоятын елдерде әдетте, туристік инфрақұрылымды , оның ішінде қонақ үйлерді дамытуды ынталандыратын заңнамалық сипаттағы шаралар қабылданады. Бұл ретте, мемлекеттік органдар және қаржы мекемелері туризмге салынған инвестициялар жаңа жұмыс орындарын ашады, белгілі бір кіріс әкеледі дегенге сүйенеді. Сондықтан да көптеген елдерде шетелдік және ішкі инвестицияларды тартуға ықпал жасайтын, айталық оларға салық жеңілдіктерін белгілеу сияқты заңнамалық шешімдер қабылданады.

Қолдаудың негізгі шараларына, мысалы қонақ үй саласында мыналар жатады:

құрылыс үшін жер учаскесін бөлуге көмек;

маркетингтік зерттеулер жүргізуге көмек;

жоғары кредиттік ставкалар бойынша күрделі салымдарды қайтару;

жобаның бастапқы кезеңіндегі шығындарды жобадан табыс алу кезеңіне жатқызу ( төлемдердің мерзімін ұзарту);

жобалар инфрақұрылымын мемлекеттің дамытуы;

елде өндірілмейтін жобалау жабдықтарын жеткізу кезіндегі салықтық және кедендік жеңілдіктер.

Өзге де жеңілдіктерге табыс салығының болмауын (Эстония, БАӘ) және жалпы салық салудың үндестігін (Балтық елдерінде) жатқызуға болады. Кейбір елдерде туристік инфрақұрылым қаржылық сипаттағы маңызды жеңілдіктерге ие.

Түркияда қонақ үй-туристік кешеніне мемлекет 40 % қаржылық демеу көрсетеді, бұл бәсекеге қабілетті бағаларды белгілеуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, туристер үшін ыңғайлы жергілікті ақша бірлігімен қатар шетелдік валюталардың еркін жүруі қабылданған.

Израильде қонақ үй саласындағы инвестициялардың 30 %-ына дейінгі көлемін

инвесторға мемлекет тікелей аударымдар арқылы және салық жеңілдіктері арқылы ( туристерді тартудың белгілі бір көлеміне қол жеткізген жағдайда) қайтарады.

Мексикада Акапулько және Канкун курорттарының маңында франко аймақтары ( салық салудан босатылған) құрылған.

Испанияда испандық туристік өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жоспары қабылданған, онда негізгі курорттық аймақтарда қонақ үйлерді қайта жаңарту мен жаңғырту, жағажайы жоқ аудандарда (Валенсия) ауыл туризмін дамыту басымдықты бағыт ретінде белгіленген. Тенериф аралы франко аймағы болып жарияланған, ол тек туристік қызмет көрсету құнының (оның ішінде қонақ үйлердің) төмендеуінен ғана емес, сонымен қатар басқа да өнімдердің, атап айтқанда жанар май құнының төмендеуінен көрінеді; үкімет арал инфрақұрылымының дамуына ірі сомаларды инвестициялайды;

Мароккода дамудың басым жобаларына (ірі ойын-сауық саябақтары, қонақ үй кешендері және басқалары) тікелей бюджеттік инвестицияларды көздейтін (20 - 40 %) туризмді дамыту жоспары қабылданған.

Индонезияда Бали аралы еркін экономикалық аймақ болып танылған, бұл туристік ұсыныстардың бағасын төмендетеді. Бұнда инфрақұрылымның дамуында тікелей бюджеттік инвестициялар қолданылады. Әдетте, әлеуетті инвесторлардың алдына алдын-ала шарттар қойылады - бұл дамушы деп танылған өңірлерде жүзеге асырылатын жобаларды инвестициялау. Бұған қоса, мынадай талаптар қойылады: тұрақты валюта түрінде алынған кірістер мен табыстарды елде пайдалану; жергілікті қызметкерлерді тарту; оларды оқытуды жүзеге асыру және т.б. Кейде жобаның сыртқы түріне де (жергілікті сәулетпен үйлесу) талаптар қойылады.

Егер қолайлы инвестициялық климат құруды білдіретін, қонақ үй саласына күрделі салымды мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтатын болсақ, онда мұндайлар ретінде әдетте төмендегілер қарастырылады:

болашақ инвесторларға ақпарттық және консультациялық көмек. Жобаның болашағын дұрыс бағалау үшін инвестор бірнеше жылдар ішіндегі динамикадағы негізгі нарықтық көрсеткіштер туралы ақпаратты білуі қажет. Қонақ үй индустриясында мұндай көрсеткіштерге қонақ үйлердің толық болуы, нөмір үшін түскен табыстар, нөмірдің орташа бағасы және тағы басқалары жатады. Бұл мәліметтерді тек ресми мемлекеттік деректерден немесе арнайы консалтингтік компаниялардан алуға болады;

мемлекеттік кепілдемелерді беру кредиттерді қамсыздандырудың кең таралған тетігі. Үкіметтік кепілдік бойынша ТМД елдерінде бірқатар қонақ үй объектілері салынған (мысалы: Ташкент қаласындағы «Щодлик»). Ынтымақтастықтың мұндай нысаны шетелдік инвесторлардың көңілінен шығады әрі өтпелі және дамыған экономикалы елдердің іскерлік тәжірибесінде біршама таралған;

инвесторлардың мүддесін қорғайтын заңнаманы әзірлеу, пайданың қайтуына

қатысты салық жеңілдіктері мен кепілдемелер белгілеу.

ЮНДТҰ деректеріне сәйкес, әлемдегі туристік сапарлардың жалпы санының 60 %-ын демалысқа байланысты сапарлар, 30 %-ын іскерлік сапарлар құрайды екен.

Қазақстанға қызығушылық танытатын туристердің нысаналы тобы:

жабайы, адам қолы тимеген табиғатты және таңғажайып ландшафтты ұнатушылар;

зерттелмеген туристік бағыттарды ұнатушылар, алғашқы ашушы болуға ниетті білімқұмар туристер;

Қазақстанда экологиялық туризм жақсы әлеуетке ие, бірақ жеткілікті дамымаған.

Туризмді дамыту жөніндегі 2007 - 2011 жылдарға мемлекеттік бағдарламада экотуризм басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған болатын және оны дамыту жөнінде ұлттық, өңірлік және жергілікті саясатты әзірлеу көзделген болатын. Алайда, бүгінгі күні саясат та, бірыңғай ұйымдастыру тәсілдері де қалыптастырылған жоқ.

Экотуризм табиғи аумақтарға туристік ағындарды көбейтуге бағдарланбаған, ол табиғатты сақтап қалуға мүмкіндік береді, тиісінше қоршаған ортаға теріс әсер етуі ықтимал инвестициялық жобаларды іске асыруды талап етпейді.

Қазақстанның аумағында 118 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар, оның ішінде 11-і мемлекеттік ұлттық парк, оларда экотуризмді дамытуға бағытталған реттемелі туристік пайдалануға жол берілген. Оның объектілерінің табиғи да, мәдени де көрнекті жерлер, табиғи және табиғи-антропогенді ландшафтар болуы мүмкін екенін есепке алсақ, сондай-ақ онда дәстүрлі мәдениет қоршаған табиғи ортамен бірыңғай тұтастықты құрайтынын есепке алсақ, экологиялық туризмді дамыту табиғи аумақтарға қаржылық қолдауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар оларды сақтауға деген мүдделілікті туғызуға мүмкіндік береді.

Ауыл экотуризмінің де дамуға әлеуеті бар. Оны дамыту ауылдық аумақтармен шектеліп отыр және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметпен түсіндіріледі.

Көрсетілген туризм түрі шеңберінде Қазақстанда қонақжай үйлер дами бастады, туристер оларға тоқтай отырып, ауылдық өмір салтын сүреді, қазақтың күнделікті мәдениетімен және табиғи көрнекті жерлерімен танысады.

2005 жылдан бастап Алматы қаласында Экологиялық туризмнің ақпараттық ресурстық орталығы қызмет етеді, орталық аталған қонақжай үйлерді құру және дамыту жөнінде жұмыс істейді. Бұл үйлер Қазақстан Республикасында экологиялық, орнықты туризмді дамыту тұжырымдамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Аталған мәселе бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу, экотуризмнің әлеуметтік-экономикалық рөлі түрлі функциялы аудандарда ерекшеленетінін көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы аумағында экотуризм өндірістік, ландшафты және жергілікті халықтың дәстүрлі өмірі үшін қосымша кіріс көзі болуы мүмкін. Басты функциясы табиғи және мәдение-тарихи мұраны қорғау болып табылатын аумақтарда экотуризм - осы функцияны атқаруды экономикалық тұрғыдан ақтайтын басты кіріс

көздерінің бірі болып табылады. Өнеркәсіптік аудандарда экотуризмнің рөлі аз өзгеріске ұшыраған табиғат учаскелерін қорғауда және халықтың физиолгоиялық және психологиялық тепе-теңдігін ұстап тұруда болып табылады.

Экотуризм географиясы дәстүрлі туризмнің географиясынан ерекшеленеді. Негізгі халықаралық экотуристік ағындар дамыған елдерден дамушы елдерге қарай бағытталған. Бірақ бұл ретте дамушы елдерде туристік салада туризмнің үлесі жоғары, себебі Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде ішкі экотуризм кеңінен таралған деп пайымдауға болмайды.

Экотуристерді тарту жөніндегі әлемдегі алғашқы елдердің бірі Кения болып табылады. Кения келген он адамның сегізі экотуристік мақсатта келеді. Экотуризм туристік нарығы тез даму үстіндегі Латын Америкасы елдерінде және Оңтүстік Америкада да ерекше байқалады, бұл елдер инфрақұрылым құру, адам дамуы, дамуы кенже қалған «қара» аудандарды көтеру, қоғамды одан әрі демократияландыру салаларында экотуризмге маңызды үміт артып отыр.

АҚШ-та халықаралық экотуризм сұранысының 1/2-інен астамы тоғысқан. Экологиялық туризмнің сан алуан түрлері елдің өзінде де белсенді дамып келеді. АҚШ-та ішкі де, халықаралық та экотуризммен байланысты әлемдегі ең көп ұйымдар орналасқан. АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде экотуризмнің мемлекеттік деңгейдегі ролі шағын болса да, оның өңірлік және жергілікті деңгейдегі рөлі тұрақты түрде өсіп отырады. Экосаяхаттардан түскен кірістер халықаралық туризмнен түсетін кірістің кемінде 10 %-ын құрайды.

Тұтастай алғанда, экологиялық туризмге деген әлеуетті қызығушылық халықаралық нарықта 8,9 млн. адамды (немесе жалпы әлеуеттің 63 %) құрайды. Бұл туристік өнім әлемдік туризм нарығында ең үздік тұғырға ие және Қазақстанда дамыту үшін негізгілердің бірі болуы тиіс.

Сақ қорғандары/төбелері, Есіктегі Алтын адам және көптеген басқалары сияқты жиырма жеті мың көне ескерткіштің болуы Қазақстанның көне және бірегей тарихына куә.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесі тарихи ескерткіштердің, археология, сәулет, қала құрылысы және монумент өнері ескерткіштерінің бірегей кешенін білдіреді. Олар тек сауда орталықтары ғана емес, сондай-ақ ғылым мен мәдениеттің орталығы болған Отырар, Тараз, Сайрам, (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Баласағұн және басқа да көне қалалар болып табылады.

Осының барлығы мәдени-танымдық туризмді тиімді дамытуға ықпал жасауы тиіс, бірақ аталған сектордың жарнамалық-ақпараттық материалдың болмауы, нашар инфрақұрылым, соның ішінде туризм объектілерінің жанындағы орналастыру орындарының аздығы, журу жолдарының төмен сапасы сияқты көптеген факторларға тәуелді болуын ескерсек, оның төмен бәсекеге қабілеттілігі байқалады.

Қазақстан бірегей табиғи-минералдық және климаттық ресурстарға ие бола отырып,

емдеу-сауықтыру және тау шаңғысы туризмін де дамыта алады.

Емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсету мен дамыту нарығындағы жағдай туристік-рекреациялық бағыттағы кәсіпорындар санының өсуіне қарай өзгеруде.

Аталған мәселенің жай-күйін талдау 1999 жылдан бастап санаторийлік-курорттық мекемелер мен демалыс ұйымдарының саны бірте-бірте көтеріліп және дамып келе жатқанын көрсетеді, олардың саны 2007 жылдың қорытындысы бойынша 127-ге дейін өскен.

Қазақстан үшін аса өзекті осы мәселе бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу санаторийлік-курорттық емделуге туристік келулер бойынша көшбасшылық ең ірі және әйгілі әлемдік Карловы-Вары шипажайының арқасында Чехияға тиесілі екенін көрсетіп отыр. Чехияның ұлттық туристік әкімшілігінің деректері бойынша, жыл сайын оған әлемнің 70-тен астам елінен 50 мыңға жуық адам емделу үшін және 2 млн.-ға жуық турист рекреациялық-сауығу мақсатында келеді екен.

Швейцария - соңғы он жылда тау шаңғысы туризмі бойынша танымал ел, тау шаңғысы туризмі елге 20 млрд. АҚШ долларына дейінгі көлемде кіріс әкеледі. Туризмнің осы түрі Альпі тауларын белсенді пайдаланатын Италия мен Францияда, сондай-ақ Австрия, Словения және Монтонегрода дамыған. Туризмнің осы бағытын дамытуды жандандыруды Болгария мен Түркия сияқты елдер де жоспарлап отыр.

Қазақстан үшін тау шаңғысы туризмін дамытудың жоғары өзектілігі бар, оны дамыту жекелеген өңірлерде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізіне айналуы мүмкін.

Бірегей табиғи жағдайлар жайлылық пен қызмет керсетудің жоғары деңгейіне ие, заманауи ірі тау шаңғысы кешендерін салуға мүмкіндік береді.

Туризмнің жоғарыда көрсетілген түрлерін дамыту барлық туристік-рекреациялық кешеннің экономикалық тұрақтылығын және табыстылығын қамтамасыз етуге, елдің құнды табиғи емдік ресурстарын сақтауға және ұтымды пайдалануға, туристік-рекреациялық қызметтерді көрсету деңгейін арттыруға, елде бәсекеге қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар туғызуға ықпал жасайтын болады.

Туризм инфрақұрылымның дамуына қарамастан, көптеген туристік объектілерде қызмет көрсету сапасы төмен деңгейде қалып отыр. Бұл туристік сала үшін кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру уақытты талап ететінімен байланысты.

2008 жылғы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Аталған Заңды іске асыру шеңберінде жұмыс берушілерде білім беру қауымдастықтармен және ұйымдарымен бірлесіп, өздеріне қажетті туристік кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстарын енгізуге нақты мүмкіндік

тудыру үшін нормативтік база жасалды. Бұған «Туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қыркүйектегі № 878 қаулысы бағытталды.

Елдің туристік сала үшін кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарында Дүниежүзілік туристік ұйым ұсынған «WTO-TedQual» туристік білім беру сапасы жүйесін енгізу проблемалық мәселе күйінде қалып отыр.

Осы мақсатта ЮНДТҰ сарапшылары мен Білім және ғылым министрлігі сертификаттаудың аталған жүйесін Қазақстанның бір жетекші мемлекеттік жоғары оқу орнының базасында енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы мәселені зерделеу жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

Өңірдің туризм орталығы болуды жоспарлап отырған Қазақстанға, қызмет көрсету секторында талап етілетін орта және жоғары буындағы білікті кәсіби мамандардың жетіспеушілігі ерекше өткір байқалатын туризм индустриясы саласында кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар кешенін қабылдау қажет.

Туристік сала үшін мамандарды даярлау техникалық және кәсіптік білім берудің 77 оқу орнында 11 мамандық және 33 біліктілік бойынша жүзеге асырылуда, онда 16,6 мың адам оқиды.

Туризм және спорт министрлігі бизнес-қауымдастықтардың, жұмыс берушілердің, сондай-ақ, туризм индустриясы үшін кадрлар даярлайтын жоғары, техникалық және кәсіптік орта оқу орындары басшыларының қатысуымен Европалық білім беру қорының (ЕБҚ) «Орталық Азия елдеріндегі ұлттық біліктілік шеңберлері» жобасы шеңберінде туризм саласының жаңа біліктілік құрылымын әзірледі. Оны бекіту үшін эксперименталды сынақ өткізу керек.

Осы мақсатта Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен және тікелей қатысуымен пилоттық жоба ретінде туризм саласында икемді біліктілік құрылымды енгізу жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда.

Соңғы екі жыл ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі мен Статистика агенттігі бірлесіп, Экономикалық қызмет түрлері жіктегішіне және Салалар бойынша мамандар даярлау бағыттарының жіктегішіне Министрлік бастама жасаған туризмді кластерлік дамытуды іске асыруға байланысты өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөнінде жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар, соның негізінде туризм статистикасы қалыптастырылатын және туризм саласының мемлекет экономикасын дамытуға қосатын үлесін бағалауға мүмкіндік беретін Туризмдегі қосымша шот енгізілді. Алайда, экономикасында туризмнің үлесі 50 %-дан астамды құрайтын елдермен қатар, статистикалық есепке алуды жетілдіруді әлі де жалғастыру талап етіледі.

## 2. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.10.2013 N 1139 қаулысымен.

Мақсаты - туризм индустриясын орнықты дамыту.

Нысаналы индикаторлар:

1. Ішкі және келу туризмі үшін орналастыру орындарының санын арттыру;

2. Ішкі және келу туризмі үшін төсек/тәулік орнын беру жолымен қонақүйлердің толтырылуын арттыру.

Міндеттері:

бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру;

Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру;

туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту.

Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері.

Бірінші міндетті іске асырудың қорытындылары бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі:

туристік қызмет саласындағы қызметтерді ұсынатын ұйымдардың жиынтық кірісін 2015 жылға 2008 жылдың деңгейінен кемінде 12 %-ға

ұлғайту туризм саласында негізгі капиталға инвестицияның өсімі 2015 жылға 2009 жылдың деңгейінен 30 %-ға өсіру.

Екінші міндетті іске асырудың қорытындылары бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі:

туристік индустрия объектілерінің құрылысы есебінен туристік қызмет көрсетулердің жыл сайын кемінде 10 %-ға өсуі;

келушілердің болу ұзақтығының 2009 жылдың деңгейінен 2010 жылы -5 %-ға, 2011 жылы - 8 %-ға, 2012 жылы - 10 %-ға, 2013 жылы - 12 %-ға, 2014 жылы - 15 %-ға өсуі;

Алматы қаласындағы Шымбұлақ тау шаңғысы курорты, Шығыс Қазақстан облысында Алакөл көлінің жағалауындағы қонақ үй кешені және Оңтүстік Қазақстан облысында «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенінің құрылыстары есебінен келушілер саны 2011 жылы - 210 000, 2012 жылы - 225 000, 2013 жылы - 370 000, 2014 жылы - 390 000 демалушыны құрайды.

Үшінші міндетті іске асырудың қорытындылары бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі:

2011 жылы туризм индустриясы саласында кәсіби стандарттар әзірленетін болады;

туризм саласы үшін мамандар даярлау 2011 жылы - 1 000, 2012 жылы - 1 100, 2013 жылы - 1 200, 2014 жылы - 1 300 адамды құрайды.

Төртінші міндетті іске асыру қорытындылары бойынша мыналарға қол жеткізіледі:
2014 жылы экскурсовод-гидтерді даярлау және сертификаттау моделі әзірленеді, ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің қатысушылары мен қонақтары үшін кемінде 4 туристік пакет дайындалады.
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі – Салалық бағдарламаны үйлестіруші, әзірлеуші;
Ішкі істер, Сыртқы істер, Мәдениет және ақпарат, Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Денсаулық сақтау, Төтенше жағдайлар, Көлік және коммуникация, Қоршаған ортаны қорғау, Қаржы, Өңірлік даму министрліктері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, Қазақстан туристік қауымдастығы.

## 3. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.10.2013 N 1139 қаулысымен.

3.1 Бағдарламаны іске асыру кезеңдері:

2010 - 2013 жылдар:

«Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің бойымен туристік кластерді жол бойы инфрақұрылымы объектілерін сала отырып және оларға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жасай отырып құру.

2010 - 2014 жылдар:

Туристік орталықтар, кешендер мен орналастыру объектілерін салу (Бурабай, Жаңа Іле, Кендірлі, Алакөл);
Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау;
Экологиялық туризмді дамытуды ынталандыру;
Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру;
Туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту.

2013 – 2014 жылдар:

Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

3.2 Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар

1. Бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру;

Аталған міндетті іске асыру үшін мынадай шаралар қажет.

1) «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көліктік дәлізінің бойымен туристік кластер құру.

Кластерді қалыптастыру Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының аумағы бойынша мынадай негізгі сипаттамаларға ие, үш санатты жол бойы инфрақұрылымы объектілерін салу арқылы жүзеге асырылатын

болады:

А. Туристік орталық (мотель, ақпараттық орталығымен туристік қызмет көрсету бюросы, бағдарлар және демалыс пен ойын-сауық орындары, мейрамхана/дәмхана, дүкендер, дәретханалар, жанармай құю станциясы, жүк машиналарын қоюға арналған тұрақ, авто жөндеу шеберханасы, шина жөндеу шеберханасы).

В. Демалыс орталықтары (туристік ақпараттық бекет, мейрамхана/дәмхана, дүкен, дәретханалар, жанармай құю станциясы, жүк машиналарын қою арналған тұрақ, авто жөндеу шеберханасы, шина жөндеу шеберханасы).

С. Қызмет көрсету орталығы (дүкен, дәретханалар, жанармай құю станциясы, жүк машиналарын қою арналған тұрақ, жөндеу шеберханасы).

Ұсынылып отырған санаттағы жол бойы инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы үлгі жобаға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

«А» санатындағы инвестициялық жобаларды дамыту ұсынылып отыр:

Ақтөбе облысында «Greenland», «Ырғыз керуен сарайы» демалыс базалары (2010 - 2015 жж.);

Қызылорда облысында «Байқоңыр» туристік орталығы және Қамбаш көліндегі туристік орталық, «Ғарыш айлағы» сауда ойын-сауық кешені, киіз үйлі қонақ үй, сондай-ақ «Қорқыт ата» туристік орталығы (2011 - 2020 жж.);

Оңтүстік Казақстан облысында «Көне Түркістан», «Көне Отырар» туристік орталықтары (2011 - 2017 жж.).

2015 жылға дейін 24 жол бойы қызмет көрсету объектілерінің құрылысы қамтамасыз етіледі.

Бірақ, толыққанды іс-әрекетке әрбір 90 - 120 км сайын қашықтықта орналасатын «В» санатындағы 58 жол бойы қызмет көрсету объектілерінің құрылысы қажет, оның ішінде:

Ақтөбе облысында - 12 бірлік;

Қызылорда облысында - 16 бірлік;

Алматы облысында - 10 бірлік;—

Жамбыл облысында - 10 бірлік;

Оңтүстік Қазақстан облысында - 10 бірлік.

«С» санатындағы объектілер бір-бірінен 50 км қашықтықта орналасады.

Бұл ретте, осы санаттағы объектілердің орналасуын ҚР Туризм және спорт министрлігі ҚР Көлік және коммуникация министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп анықтайтын болады.

Барлық жоғарыда аталған жол бойы қызмет көрсету объектілері шахмат тәртібімен орналасуы тиіс.

2) Өңірлерде туристік орталықтар, кешендер мен орналастыру объектілерін салу:

Республикалық индустрияландыру картасына енгізілген Ақмола облысының «Бурабай» АЭА шекарасында туристік ойын-сауық кешенінің, сондай-ақ, өңірлік

индустрияландыру картасына енгізілген Шығыс Қазақстан облысындғы Алакөл көлінің жағалауында қонақ үй кешенінің құрылысы жүзеге асырылатын болады.

Аталған индустрияландыру карталары индустриялық-инновациялық саясатты тұрақты түрде өзекті етудің құралы болып табылады.

Ақмола облысының «Бурабай» АЭА шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу жобасын іске асыру Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға енгізілді.

Орталықты құрудың негізгі идеясы - қазіргі заманғы туризм инфрақұрылымын кешенді дамыту және құрылысқа инвестициялар тарту, Шучье-Бурабай курорттық аймағының аумағында инновациялық қызметтің артуын қамтамасыз ету.

Туристік ойын-сауық кешенін салу жылына 220 000-ға дейін демалушыларды қабылдауды қамтамасыз етеді, мұнда мынадай бағыттарда шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады:

сауықтандыру, ойын-сауық саласында қызмет көрсету, тамақтануды ұйымдастыру, қонақ үй, экскурсия, ақпараттық, көліктік қызмет көрсету, бұл ретте көліктік қызмет көрсету кезінде экологиялық таза көлік, соның ішінде кіші авиация пайдаланылатын болады;

мәдени-танымдық, экологиялық, іскерлік, спорттық және туризмнің басқа да түрлері саласында қызмет көрсету;

әр түрлі кәдесый өнімдерін дайындау және шығару жөніндегі өндірісті ұйымдастыру.

Курорттық аймақты құру жобасы 2 кезеңге бөлінген: 1 - 2009 - 2011 жж., 2 - 2012 - 2021 жж.

Бұдан басқа, Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауында «Жаңа Іле» халықаралық туристік орталығын және Маңғыстау облысында «Кендірлі» халықарлық курортын, сондай-ақ қонақ үйлер желісін салу көзделіп отыр.

Туризм индустриясының бәсекеге қабілетті инфрақұрылымын құру шеңберінде « Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында гольф клубын салу және орналастыру үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін қордағы жерлерге ауыстыру мәселесі пысықталатын болады;

белсенді демалу жағдайларын дамыту үшін Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың кластерлік бағдарламасының мастер-жоспарында, сондай-ақ Алматы қаласының маңындағы тау шаңғысы курорттарын дамыту; Ақмола облысындағы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту; Маңғыстау облысындағы «Кендірлі» демалыс аймағын дамыту жүйелі жоспарларында көзделген жобалар іске асырылады.

3) Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау:

Жамбыл облысында «Көксай» тау шаңғысы базасы;

Оңтүстік Қазақстан облысында «Қасқасу» тау шаңғысы базасы;

Алматы облысында «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортын дамыту, сондай-ақ арқан жолдарын салу;

Жобаларды дамыту мүмкіндіктерін және тиімділігін анықтау мақсатында зерттеу жүргізу және дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажет, тұжырымдама есепке алына отырып, одан әрі іске асыру жүзеге асырылатын болады.

Алматы қаласында Шымбұлақ тау шаңғысы базасын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру ҮИИДМБ-ға енгізілді және жобаның мақсаты әлемдік өндірушілердің жоғары қарқынды жылдамдығымен және орындықтарының ыңғайлылығымен ерекшеленетін арқан жолдарының жаңа жүйесі есебінен, шаңғы трассаларын 7 км-ден 100 км-ге дейін ұлғайту, жаңа заманауи мейрамханалар, коммерциялық аймақтар, тұрақтар салу есебінен тау шаңғысы курортында инфрақұрылым жасау, шаңғы тебу маусымын 2 айға ұлғайту болып табылады.

Жоба сондай-ақ 2011 жылы Алматыда қысқы Азия ойындарын өткізуге, Алматы облысында туризм мен спортты дамытуға ықпал жасайтын болады.

4) Экологиялық туризмді дамытуды ынталандыру:

ақпаратты тарату және экологиялық туризмді танымал ету;

қонақжай үйлер жүйесін құру және дамыту;

экотуристік қызметке тарту мақсатында экотуризм мәселелері жөнінде ақпараттық жұмысты жүргізу;

қонақжай үйлер үшін стандарттарды әзірлеу және олардың сертификаттау рәсімдерінен өтуі;

қонақжай үйлерді құру кезінде энергияның баламалы көздерін және экотурларды ұйымдастыру кезінде экологиялық таза көлік түрлерін пайдалануға жәрдемдесу;

экологиялық туризмді дамыту мәселелері жөнінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық.

Сонымен қатар, экологиялық туризмнің дамуы мемлекеттік ұлттық парктердің қызметімен тығыз байланысты екенін есепке ала отырып, оларды өздерінің Бас жоспарларына сәйкес тиісінше жайластыру қажет.

Аталған шаралар Қазақстанның халықаралық нарықта бәсекеге түсуге қабілетті, табиғи-климаттық әлеуетін ескеретін толыққанды туристік өнімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдаудың қажетті шаралары.

Жоғарыда көрсетілген жобалардың, сондай-ақ жол бойы инфрақұрылымы объектілерінің құрылысын қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың жол бойы органдарының келісімі бойынша белгіленген тәртіппен көлік дәлізі бойынан жер учаскелерін бөлуі, туризм индустриясының қайтадан салынатын объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жасау қажет. Сонымен бірге, « Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субьектілерінің кредиттері бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялауды қамтамасыз ету, сондай-ақ

инвестициялық артықшылықтар, мемлекеттік заттай гранттар, кедендік баж салығы мен жер салығынан босату жүйесін пайдалану талап етіледі. Осылайша, инфрақұрылымдық жобаларды дамытудың негізі мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту болуы тиіс.

2. «Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру».

Мемлекеттік инвестициялық саясаттың барлық ықтимал тетіктерін пайдалана отырып, елдің туристік кластерін дамыту үшін базалық жағдай жасау мақсатында жеке инвестицияларды ынталандыру және мемлекеттік инвестицияларды жүзеге асыру жөнінде шаралар кешенін әзірлейді.

Секторaралық және ведомствоаралық кедергілерден өту үшін мүдделі мемлекеттік органдардың бизнес-құрылымдармен тығыз серіктестіктегі іс-қимылын үйлестіру бөлігінде заңнамалық және экономикалық шаралар арқылы теңгерімді мемлекеттік саясат жүргізіледі.

Жеке инвестициялар тарту процесін ынталандырудың экономикалық тетіктері ретінде инвестициялық салық жеңілдіктерін, мемлекеттік заттай гранттар жүйесін пайдалану, туристік кешендерге арналған құралдар мен жабдықтарды кедендік баж салығынан босатуды, жобаны іске асырудың алғашқы 5-10 жылдарында қызметтің басым түрлеріндегі кәсіпорындардың тіркелген активтеріне салымды жүзеге асыратын инвесторларға «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы № 373 Заңына сәйкес берілген жер салығынан босату жоспарлануда. Сондай-ақ жабдықтар мен технологияны лизинг бойынша сатып алу және франчайзингтік қатынастарды кеңінен тарату тетігін кеңінен пайдаланады.

Туроператорлар инклюзив-турлар (inclusive tour) немесе пэкидж-турлар (package tour) деп аталатын турларды сату арқылы толық қызмет көрсету кешенін қамтамасыз етуі қажет. Бірақ бұл үшін ISO 9000 және ISO 14000 халықаралық қызмет көрсету стандарттарын енгізу қажет, адал бәсекені дамытуға және туристік қызметтердің өркениетті нарығын қалыптастыруға жағдайлар жасау қажет. Бұған қоса, туристік қызмет тарифтерін қайта қарау қажет, тұтастай алғанда, ұлттық туристік өнімді қалыптастыру жолдарын өзгерту қажет, себебі Қазақстан үшін алдын-ала жарнамаланған бағдарлама бойынша пэкидж-турларды (турпакеттерді) сату сипаты тән .

Міндетті іске асыру жөніндегі шаралар:

саяси тұрақты мемлекеттердің азаматтары үшін визалық және тіркеу рәсімдерін, кедендік бақылауды жеңілдету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

туризмді дамыту жөнінде халықаралық шарттар жасасу;

сырттан келушілер туризмін де, ішкі туризмді де дамыту үшін инвестицияларды, салық салуды реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

туристік ағынды тарту мақсатында жолаушылар тасымалы саласындағы тарифтік саясатты жетілдіру мәселелерін пысықтау;

туристік статистика мен есептілік жүйесін жетілдіру және ұлттық шот жүйесінде туризмнің қосымша шотын одан әрі енгізу;

қазақстандық туристік өнімді ішкі де, сыртқы да нарықта қолдау және жылжыту.

Туристерге қызмет көрсету нарығында бәсекелестікті дамыту мақсатында:

туристік операторларды ірілету үшін заңнамалық жағдайлар жасалатын болады;

Алматы қаласында Экскурсияшылар бюросын ашу және туристік әлеуеті бар өңірлерде туристік ақпараттық орталықтар құру мүмкіндігі қаралады.

Туризм саласында көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру мақсатында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделген мемлекеттік стандарттарды әзірлеп, енгізу қажет және менеджмент жүйесі стандарттарын енгізуге жәрдем көрсету қажет, бұл көрсетілетін қызметтердің санын біршама арттырады.

Аталған міндет шеңберінде көрсетілген шаралар Салалық бағдарламаның барлық қолданылу кезеңінде іске асырылатын болады және ұзақ мерзімді перспективаға (2020 жылға дейін) есептелген.

3. «Кадрлық әлеуетті дамыту».

Міндетті іске асыру жөніндегі шаралар:

14 мамандық бойынша туристік сала үшін кадрларды даярлау оларды жоғары оқу орындарында және техникалық және кәсіби білім 77 оқу орнында даярлау есебінен қанағаттандырылатын болады;

«WTO-TedQual» туристік білім беру сапасын сертификаттау бойынша мемлекеттік ЖОО аудитін жүргізу;

туристік сала мамандықтары бойынша біліктілікті сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін енгізу.

4. Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

Міндетті іске асыру жөніндегі шаралар:

1) аталған міндетті іске асыру мақсатында Бурабай курорттық аймағын дамытудың жүйелі жоспарын ескере отырып, Ақмола облысы Бурабай ауданының аумағын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді жобасына қажетті өзгерістерді айқындау және талдау жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі;

2) ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі үшін туризм саласының біліктілігі жоғары кадрларын даярлауды қамтамасыз ету үшін туризм саласының мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін жоғарылату курстарын ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар енгізіледі, сондай-ақ аталған курстарға арналған бірыңғай оқу бағдарламасын құру жұмыстары жүргізіледі;

3) елдің оң туристік имиджін қалыптастыру және ілгерілету шеңберінде көрменің қатысушылары мен қонақтарына арналған жаңа туристік маршруттар жасау жұмыстары жүргізіледі. Көрме қонақтарының Қазақстанда болуына жайлы жағдайлар

жасау мақсатында Астана және Алматы қалаларында «City Pass» қонақ карточкасын енгізу жөніндегі ұсыныстар енгізіледі.

«City Pass» - қаланың негізгі ақылы көрнекті жерлеріне смарт-карталар (магнитті карталар) не үзбелі билеттері бар купондық кітапшалар түріндегі бірыңғай рұқсатнама.

## 4. Қажетті ресурстар

Туристік саланың еңбек ресурстарына 2010 - 2014 жылдарға арналған болжамды қажеттілігі 34 мың адамды құрайды, соның ішінде құрылыс мамандықтары бойынша 13 мыңға жуық адам, туристік сала мамандары 21 мыңға жуық адамды құрайды, ал оқу орындары - 1,2 мың адамды (гидтер, аудармашылар, агенттер, метрдотельдер, швейцарлар, қонақ үй және мейрамхана шаруашылықтарының қызметкерлері) дайындайтын болады.

Кадрлар тапшылығы Еуропа одағы ТЕМПУС бағдарламасы бойынша іске асырылып жатқан жоба түріндегі 4-жоғары қонақ үй мектебін, туристік индустрияға қызмет көрсету бойынша менеджерлер мен мамандықтарды дайындау орталығын (мектебін) және Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында халық қолөнері мен кәсіпшілік мектебін ашу есебінен, сондай-ақ Швейцария халықаралық қонақ үй менеджменті институтымен бірлесе Астана және Алматы қалаларында франчайзинг жүйесі бойынша екі кәсіпорын/колледж ашу есебінен толтырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражатының есебінен және шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны 2010 - 2014 жылдары іске асыруға барлығы 4 252 145 377,8 мың теңге:

республикалық бюджеттен: 2010 ж. - 750 364,0 мың теңге; 2011 ж. - 2 811 492,0 мың теңге; 2012 ж. - 269 625,0 мың теңге*; 2013 ж. - 269 625,0 мың теңге*; 2014 ж. - 268 825,0 мың теңге*;

жергілікті бюджеттен: 2010 ж. - 8 766,8 мың теңге; 2011 ж. - 361 180,0 мың теңге;

инвестициялар есебінен: 4 247 405 500,0 мың теңге талап етіледі.

Ескерту. Қажетті ресурстарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1729 Қаулысымен.

*1-қосымша*

## Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1729; 23.10.2013 N 1139 қаулыларымен.

| Р/с № | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Болжанып отырған шығыстар (мың те | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру | | | | | | | | | |
| 1.1. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында туристік кластерді құру | | | | | | | | | |
| 1 | Жол бойындағы үлгі туристік кешен құрылысының үлгі жобасын әзірлеу мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҚжТКШІА, Қаржымині, ИЖТМ | 2011 жылғы IV тоқсан | | | | | |
| | Көліктік дәліз бойында жол бойы инфрақұрылымы объектілерін салу үшін жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін бөлуі (жол бойындағы 24 үлгі туристік кешен) | ИЖТМ-ге ақпарат | Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері | Жыл сайын 10 шілде, 10 қаңтар | | | | | |
| | Туризм индустриясының қайтадан жасалатын объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жасау (соның ішінде жол бойындағы 24 үлгі туристік кешен) | ИЖТМ-ге ақпарат | Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері | Жыл сайын 20 шілде, 20 қаңтар | | | | | |
| 2 | Инвестициялық жобалар бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау мүмкіндігін қарастыру: Ақтөбе облысында - «GREENLAND», «Ырғыз керуен сарайы» демалыс базаларының; Қызылорда облысында - «Байконыр», « Қоркыт ата», «Қамбаш» туристік орталықтарының және «Ғарыш айлағы» сауда ойын-сауық орталығының, Киіз үйлі қонақ үйдің; Жамбыл облысында «Көксай» тау шаңғысы базасының; Оңтүстік Қазақстан облысында «Көне Түркістан» және «Көне Отырар» туристік орталықтарының, «Қасқасу» тау шаңғысы базасының; сондай ақ, жол бойындағы бес үлгі туристік кешеннің құрылысы | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТСМ (жинақтау), Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан, облыстарының әкімдіктері | 2011 жылғы I тоқсан | | | | | |
| 1.2. Туристік орталықтар, кешендер және орналастыру объектілерін салу | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Ақмола облысының "Бурабай" АЭА шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу ( 2009-2021 жылдар) | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау) , Ақмола облысының әкімдігі | Жыл сайын 20 шілде, 20 қаңтар | | | | | 450 000 000, 0 |
| | "Бурабай" АЭА шекарасының шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы жерді босалқы жерге ауыстырудың техникалық экономикалы к негіздемесі н әзірлеу | Жерді ауыстыру ТЭН | ИЖТМ, Қоршаған ортамині , АШМ, Қаржымині | 2012 жылғы қаңтар | 719 9,0 | | | | |
| | "Бурабай" АЭА шекарасының шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы жерді босалқы жерге ауыстыру | Қазақстан Республикасы ң Үкіметінің қаулысы | АШМ, Қоршаған ортамині, ИЖТМ | 2012 жылғы I тоқсан | | | | | |
| 4 | Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауында " Жаңа Іле" халықаралық туристік орталығын салу | Қазақстан Республи касы Президен тінің Әкімшілі гіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау) , Алматы облысының әкімдігі | Жыл сайын 20 шілде, 20 қаңтар | | | | | 3 00 000 000,0 |
| | Халықаралық, туристік орталықтың және сыртқы инженерлік желілердің құрылысы ТЭН әзірлеу | ТЭН | ИЖТМ (жинақтау) , Алматы облысының әкімдігі | 2012 жылғы II тоқсан | 358 970,0 | | | | |
| | Халықаралық туристік орталық құрылысының ЕЖЖ әзірлеу | ЕЖЖ | ИЖТМ (жинақ тау ), Алматы облысының әкімдігі | 2012 жылғы I тоқсан | | 170 000,0 | | | |
| | Туристік орталықтың сыртқы инженерлік желілерінің ЖСҚ әзірлеу | ЖСҚ | ИЖТМ (жинақ тау ). Алматы облысының әкімдігі | 2012 жылғы I тоқсан | | 1 835 000, 0 | | | |
| | Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданына | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 176 га көлемінде туристік кешеннің инженерлік-коммуникациялық жүйесін Отырар ауданының аумағын абаттандыра отырып салу мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ (жинақтау) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | 2011 жылғы I тоқсан | | | | | |
| 6 | Маңғыстау облысында " Кендірлі" халықаралық курортын салу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), Маңғыстау облысының әкімдігі | Жыл сайын 20 шілде, 20 қаңтар | | | | | 345 000 000,( |
| | Халықаралық курорттың сыртқы инженерлік көліктік инфрақұрылымы объектілері құрылысының ЖСҚ әзірлеу | ЖСҚ | ИЖТМ (жинақ тау), Маңғыстау облысының әкімдігі | 2012 жылы 1 тоқсан | 100 000,0 | 420 500,0 | | | |
| 7 | Маңғыстау облысындағы « Кендерлі» халықаралық курорты аумағында қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп объектілерін орналастыру | ТСМ-ге ақпарат | Маңғыстау облысының әкімі | 2011 жылғы 25 қаңтар | | 45 000,0 | | | |
| | «Кендерлі» халықаралық курорты аумағында денсаулық сақтау объектілерін орналастыру | | | | | 85 000,0 | | | |
| | «Кендерлі» халықаралық курорты аумағында өрт сөндіру объектілерін орналастыру | | | | | 200 000,0 | | | |
| | Каспий теңізіндегі «Кендерлі» шығанағында ақсеркені зерттеу, сақтау және көбейту жөніндегі орталық ашу мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | АШМ, ТСМ, Маңғыстау облысының әкімі | 2011 жылғы III тоқсан | | | | | |
| | Алакөл көлінің жағалауында қонақ үй кешенін салу ( | | ИЖТМ (жинақтау), Шығыс | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | өңірлік индустрияландыру картасы) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қазақстан облысының әкімдігі | Жыл сайын қаңтар | | 1 500 000,0 | | | |
| 9 | «Бизнестің 2020 жылға дейінгі жол картасы» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде 2* және 3 * турклассты қонақ үйлер желісін дамыту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын қаңтар | | | | | |
| | 2* және 3* турклассты қонақ үйлерді салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іріктеу | ИЖТМ-ге ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Тоқсан сайын барлық кезең бойынша | | | | | |
| | Өңірлік Үйлестіру штабының 2* және 3* турклассты қонақ үйлерді салу жөніндегі іріктелген инвестициялық жобаларды қарауы | Өңірлік үйлестіру штабының шешімі | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Тоқсан сайын барлық кезең бойынша | | | | | |
| | Өңірлік Үйлестіру штабы мақұлдаған 2* және 3* турклассты қонақ үйлердің құрылысын қаржыландыру | ИЖТМ-ге ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері ӘКК (келісім бойынша) | Тоқсан сайын барлық кезең бойынша | | | | | |
| | 2* және 3* турклассты қонақ үйлердің құрылысын аяқтауды қамтамасыз ету | ИЖТМ-ге ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Тоқсан сайын барлық кезең бойынша | | | | | |
| 9-1. | «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында гольф клубын салу және орналастыру үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін қордағы жерлерге ауыстыру мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Ақмола облысының әкімдігі, Қоршағанортамині ,ӨДМ, ИЖТМ, ЭБЖМ | 2014 жылғы I тоқсан | | | | | |
| 9-2. | Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың кластерлік бағдарламасының мастер-жоспарында, сондай-ақ Алматы қаласының маңындағы тау шаңғысы курорттарын дамыту; Ақмола облысындағы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту; Маңғыстау облысындағы «Кендірлі» демалыс аймағын дамыту жүйелі жоспарларында көзделген жобаларды іске | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Алматы облыстарының, Алматы қаласының әкімдіктері, ҚТҚ (келісім бойынша) | 2014 жылғы IV тоқсан | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | асыру бойынша ұсыныстар енгізу. | | | | | | | | |
| 1.3. Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау | | | | | | | | | |
| 10 | Жамбыл облысында «Көксай» тау шаңғысы базасын дамыту | ИЖТМ-ге ақпарат | Жамбыл облысының әкімдігі | Жыл сайын 20 шілде, 20 қаңтар | | 2068000,0 | | | |
| 11 | Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданындағы «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенінің» инженерлік-коммуникациялық желілерінің ЖСҚ әзірлеу және салу | ЖСҚ, Атқарылған жұмыстарды қабылдау актілері | ТСМ (жинақтау) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | 2013 жылғы I тоқсан | | 103 516,0 | | | |
| 12 | «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортын кешенді дамыту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау) Алматы облысының әкімдігі | Жыл сайын 25 қаңтар | | 30 750 000,0 | | | |
| | Медеуден Шымбұлаққа дейін арқан жолын салу және тау шаңғысы курортының сырғанақ тебу аймағын кеңейту | | | | | 110 250 000,0 | | | |
| 13 | Шығыс Қазақстан облысында «Нұртау» тау шаңғысы демалыс базасын қайта жаңарту | ИЖТМ-ге ақпарат | Шығыс Қазақстан облысының әкімі | Жыл сайын 10 қаңтар | | 116 000,0 | | | |
| 14 | Шығыс Қазақстан облысында «Алтай Альпісі» тау шаңғысы демалыс базасын жаңғырту | ИЖТМ-ге ақпарат | Шығыс Қазақстан облысының әкімі | Жыл сайын 10 қаңтар | | 281 600 000,0 | | | |
| 15 | Алматы облысының Текелі ауданында тау шаңғысы базасын құру | ИЖТМ-ге ақпарат | Алматы облысының әкімі | Жыл сайын 10 қаңтар | | 15 000 000,0 | | | |
| 16 | Алматы облысының Қаскелен ауданында тау шаңғысы базасын құру | ИЖТМ-ге ақпарат | Алматы облысының әкімі | Жыл сайын 10 қаңтар | | 2 120 000,0 | | | |
| 1.4 Экологиялық туризмді дамытуды ынталандыру | | | | | | | | | |
| 17 | Экологиялық туризмді танымал ету жолымен жергілікті қоғамдастықтарды экотуризмді дамыту процесіне тартуды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҚТК(келісім бойынша) | Жыл сайын қаңтар | | | | | |
| 18 | Қонақжай үйлер жүйесін құру және дамыту қонақжай үйлерді салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іріктеу өңірлік Үйлестіру штабының конақжай үйлерді салу жөніндегі іріктелген | ИЖТМ-ге ақпарат | ИЖТМ, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының | Тоқсан сайын | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | инвестициялық жобаларды қарауы | | әкімдері, ҚТҚ ( келісім бойынша) | | | | | | |
| 19 | Қонақжай үйлер үшін стандарттарды әзірлеу және олардың сертификаттау процедурасынан өтуі | ИЖТМ-ге ақпарат | ИЖТМ, ҚТҚ ( келісім бойынша) | Жыл сайын қаңтар | | | | | |
| 20 | Қонақжай үйлерді құру кезінде энергияның баламалы көздерін және экотурларды ұйымдастыру кезінде экологиялық таза көлік түрлерін пайдалануға жәрдемдесу | ИЖТМ-ге ақпарат | Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҚТҚ ( келісім бойынша) | Жыл сайын қаңтар | | | | | |
| 21 | Экологиялық туризмді дамыту мәселелері жөнінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық | ИЖТМ-ге ақпарат | АШМ, Қоршағанортамині | Жыл сайын қаңтар | | | | | |
| 22 | Экотуризмнін ақпараттық ресурстық орталығын модернизациялау мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ (жинақтау), ЭДСМ, ҚТҚ ( келісім бойынша) | 2010 жылғы желтоқсан | | | | | |
| 23 | Маңғыстау облысындағы Каспий жағалауының жағажай аумағын жайғастыруды іске асыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету | ТСМ-ге ақпарат | Маңғыстау облысының әкімі | 2010 жылғы 10 шілде 2011 жылғы 25 қаңтар | | 151250 | 151250 | 151250 | 1512 |
| 24 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді дамыту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), АШМ, ҚР ПІБ ( келісім бойынша) | Жыл сайын 10 ақпан | | | | | |
| 2. Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру | | | | | | | | | |
| 25 | Саяси тұрақты мемлекеттердің азаматтары үшін визалық және тіркеу процедураларын, кедендік бақылауды жеңілдету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | СІМ (жинақтау), ІІМ, ҰҚК | Жыл сайын 25 қаңтар | | | | | |
| 26 | Халықарлық туристік іс-шараларға (көрмелер, жармеңкелер, биржалар және басқалары) қатысу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), СІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 25 қаңтар, 25 шілде | 168 444 | 180 379,0 | 180 379, 0 | 180 379, 0 * | 180 379, * |
| 27 | Қазақстанның туристік әлеуеті туралы жарнамалық ақпараттық материалдарды өндіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ | Жыл сайын 25 қаңтар | 5 864,0 | 5 864,0 | 5 864,0 | 5 864,0* | 5 864,( |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 28 | Қазақстанның туристік әлеуеті туралы жарнамалық ақпараттық материалдарды шетелдік БАҚ-та көрсету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), СІМ | 2011 жылғы 25 қаңтар | 9 2 500,0 | 71 100,0 | 7 1 100,0 | 7 1 100,0* | 7 1 100,( |
| 29 | БҰҰ-ның «Жібек жолы бойындағы қала» сыйақысын конкурсына қатысу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), СІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын 25 шілде | | | | | |
| 30 | Қазақстанның Дүниежүзілік туристік ұйымның Еуропаға арналған іс-шараларына қатысуын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТСМ (жинақтау), СІМ | Жыл сайын 25 қаңтар | 5652,0 | 5652,0 | | | |
| 31 | Веб-сайтқа ілесіп отыру және толықтыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын 25 қаңтар | 376,0 | 408,0 | 408,0 | 408,0* | 408,( |
| 32 | Туристік әлеуеті бар өңірлерде туристік ақпараттық орталықтар құру мәселесін пысықтау | ТСМ-ге ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2011 жылғы 25 қаңтар | | | | | |
| 33 | Өңірдің тұсаукесерлік паспортын әзірлеу және цифрлық тасымалдаушыда басып шығару | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Алматы облысының әкімдігі | 2012 жылғы 25 қаңтар | 1100,0 | 1180,0 | | | |
| 34 | Елден тыс жерде туристпен болған төтенше жағдайларды есепке алуды қамтамасыз ету мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау) СІМ | Жыл сайын 25 қаңтар | | | | | |
| | | | Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | «Менің Отаным - Қазақстан» экспедициясын өткізуді ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстардың әкімдіктері, ИЖТМ, БҒМ, ТЖМ, ІІМ ДСМ, БАМ | Жыл сайын желтоқсан | 2 240 570 2 500 300 676,8 1 250 130 | | | | |
| 36 | ЖОО үздік студенттерінің, мектеп үздік оқушыларының Астана қаласына туристік сапарларын ұйымдастыруға жәрдемдесу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын 25 қаңтар | | | | | |
| 37 | Республика аумағында жәрмеңкелер мен көрмелерді өткізу (қатысу): | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын 25 қаңтар | | | | | |
| | Алматы қаласында «Туризм және саяхат» КІТҒ Қазақстандық Халықаралық Туристік жәрмеңкесіне қатысу | | | | 1750 | 1750 | 1750* | 1750* | 1750 |
| | «Сарқылмас саяхат» Казақстанның туристік (жылжымалы) жәрмеңкесін өткізу | | | | 5 350,0 | 5 366,0 | 5 366,0* | 5 366,0* | 5 366,( |
| 38 | Алматы облысында Іле-Балқаш регатасын өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын 25 қаңтар | 2 670 | 2 670 | 2 670 | 2 670* | 2 67( |
| 39 | Оқу орындарында «Туризм күні» сынып сағатын өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жыл сайын желтоқсан | | | | | |
| 40 | Әлеуметтік туризмді дамытуға жәрдемдесу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ (жинақтау), ЭДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2011 жылғы шілде | | | | | |
| 41 | «Туризм. Маңғыстауға сапар» бірыңғай интернет-порталын құру | ТСМ-ге ақпарат | Маңғыстау облысының әкімі | 2011 жылғы 25 қаңтар | | 30 000,0 | | | |
| | Ақтау қаласының әуежайында «Hot Line» режимінде | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 42 | ақпараттық қызмет құру және туристік объектілердің алыс орналастыру объектілерін спутниктік байланыспен қамтамасыз ету мәселелерін пысықтау | ТСМ-ге ақпарат | Маңғыстау облысының әкімі | 2011 жылғы 25 қаңтар | | | | | |
| 43 | Алматы қаласында Экскурсияшылар бюросын ашу мүмкіндігін қарастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ, Алматы қаласының әкімдігі, ҚТҚ ( келісім бойынша) | 2012 жылғы қаңтар | | | | | |
| 44 | Туристік әлеуеті бар өңірлерде туристік ақпараттық орталықтар құру мүмкіндігін қарастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҚТҚ ( келісім бойынша) | 2012 жылғы қаңтар | | | | | |
| 45 | Туристік операторларды ірілету үшін заңнамалық жағдайлар жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ, ӘМ, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері, ҚТҚ ( келісім бойынша) | 2012 жылғы шілде | | | | | |
| 46 | Ақтау қаласында «Өнер қаласы» атты ұлттық кәдесыйларды, зергерлік бұйымдарды дайындау бойынша кәдесый фабрикасын ашу | ТСМ-ге ақпарат | Маңғыстау облысының әкімі | 2011 жылғы 25 қаңтар | | 30000,0 | | | |
| 47 | Сапа менеджменті жүйесінің стандарттарын енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ | 2014 жылғы 25 қаңтар | | | | | |
| 3. Туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту | | | | | | | | | |
| 48 | Туристік саланы дамыту мәселелері жөнінде республикалық кеңес өткізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ | Жыл сайын 25 қаңтар | 1288,0 | 1288,0 | 1288,0 * | 1288,0 * | 1288 * |
| 49 | Туризм индустриясы саласында кәсіби стандарттарды әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТСМ, БҒМ, салалық қауымдастықтар, жұмыс берушілер бірлестіктері | 2011 жылғы 25 қаңтар | 7 500 | | | | |
| 50 | «WTO-TedQual» туристік білім беру сапасын сертификаттау бойынша бір мемлекеттік ЖОО-ға аудитын жүргізуді қамтамасыз ету | | ИЖТМ, БҒМ, салалық қауымдастықтар, жұмыс берушілер бірлестіктері | Жыл сайын 25 қаңтар | | 800,0 | 800,0 | 800,0 | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 51 | Туристік сала мамандықтары бойынша біліктілікті сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін енгізуге жәрдемдесу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТСМ, БҒМ, ҚТҚ ( келісім бойынша) | 2011-2012 жылдар | | | | | |
| 52 | Еуропалық одақтың ТЕМПУС «4 жоғарғы қонақ үй мектебін құру» (ESHA) бағдарламасын іске асыруға қатысу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, БҒМ | Жыл сайын 25 қаңтар | | | | | |
| 53 | Швейцария халықаралық қонақ үй менеджменті институтымен Астана және Алматы қалаларында франчайзинг жүйесі бойынша 2 бірлескен кәсіпорын/ колледж салу жөніндегі мәселені пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТСМ, БҒМ, Астана және Алматы қалаларының колледждері, салалық қауымдастықтар, жұмыс берушілер бірлестіктері | 2011 жылғы желтоқсан | | | | | |
| 54 | ОҚО Түркістан қаласында туристік индустрияға қызмет көрсету жөніндегі менеджерлер, мамандарды даярлау орталығын және халық қоленері мен кәсіпшілік мектебін (барларын қайта жаңарту) салу жөнінде мәселелерін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ТСМ (жинақтау) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | 2011 жылғы 1 тоқсан | | | | | |
| 55 | Маңғыстау туризм колледжі аумағында ұлттық кәдесыйларды, зергерлік бұйымдарды дайындау бойынша шебер қолөнершілердің «Шеберлер ауылын» ашу | ТСМ-ге ақпарат | Маңғыстау облысының әкімі | 2011 жылғы 25 қаңтар | | | | | |
| 56 | Алматы облысының Райымбек ауданында « Мойнақ» этнотуристік кешенін салу | ИЖТМ-ге ақпарат | Алматы облысының әкімдігі | Жыл сайын қаңтар | | | | | |
| | | | Республикалық бюджет | | 2010 ж. - 75<br>2011 ж. - 2<br>2012 ж. - 26<br>2013 ж. - 26<br>2014 ж. - 268 825,0 мың теңге* | | | | |
| | | | Жергілікті бюджет | | 2010 - 8<br>2011 - 361 180,0 мың теңге | | | | |
| | | | Инвестициялар есебінен | | 4 247 405 500,0 мың теңге | | | | |
| 4. Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырыл және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөнінде асыру | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 57 | Бурабай курорттық аймағын дамытудың жүйелі жоспарын ескере отырып, Ақмола облысы Бурабай ауданының аумағын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді жобасын түзету бойынша ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Ақмола облысының әкімдігі, ИЖТМ, ӨДМ, Қоршағанортамині, ЭБЖМ, ДСМ, БҒМ, ПІБ (келісім бойынша) | 2014 жылғы I тоқсан | | | | | | |
| 58 | Туризм және қонақжайлылық саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін жоғарылату курстарының бірыңғай оқу бағдарламасын құру бойынша ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, БҒМ, ҚТҚ (келісім бойынша) | 2013 жылғы IV тоқсан | | | | | | |
| 59 | Туризм саласының мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін жоғарылату курстарын ұйымдастыру мүмкіндігін қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері | 2014 жылғы II тоқсан | | | | | | |
| 60 | ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысушылар мен қонақтарына арналған туристік маршруттарды әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, ПІБ (келісім бойынша), ҚТҚ (келісім бойынша) | 2014 жылғы II тоқсан | | | | | | |
| 61 | Астана және Алматы қалаларында «City Pass» қонақ карточкасын енгізу бойынша ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИЖТМ, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, ҚТҚ (келісім бойынша) | 2014 жылғы I тоқсан | | | | | | |

**Ескерту:**

* Бағдарламаны іске асыруға қажетті бюджеттік қаражат көлемі тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ҚТҚ - Қазақстан Туристік Қауымдастығы
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ҚТКШІА - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
МҰТП - мемлекеттік ұлттық табиғи парк
ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама
ЕЖЖ - егжей-тегжейлі жоспарлау жоспары
БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары
ӘКК - әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация
ТЭН - техникалық-экономикалық негіздеме
ЮНДТҰ - Дүниежүзілік туристік ұйым - Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы мекемесі
ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі
ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ПІБ – Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы

*2-қосымша*

## САЛАДАҒЫ НЕГІЗГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

| Жобаның атауы | Жоба бойынша шаралар | Жобаның мақсаты | Жобаның қаржы экономикалық және техникалық экономикалық негіздемесінің бар болуы, қай кезеңде (әзірлеу, пысықтау, бекітілді) | Ұсынылатын өңірлік орын | Жобаның іске асырылуының басталуы | Жобаның іске асырылуының аяқталуы | Жауа орынд |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Ақмола облысы «Бурабай» АЭА шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу | Ақмола облысы «Бурабай» АЭА шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу (2009-2021 жылдар) | Бәсекеге қабілетті туризмді дамытудың, қызмет көрсету саласын дамытуын туристік | Сәулет-қала құрылысы кеңесінде «Borovoe Tourism City» ЖШС шебер жоспары әзірленді және бекітілді, «Бурабай» АЭА | Ақмола облысы | 2009 | 2021 | ҚРТС |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | индустриясын құруын орнықты қамсыздандыру | әкімшілігі құрылды | | | | |
| Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауында « Жаңа іле» халықаралық туристік орталығын салу | Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауында « Жаңа Іле» халықаралық туристік орталығын салу | Бәсекеге қабілетті туризмді дамытуын, қызмет көрсету саласын дамытуын туристік индустриясын құруын орнықты қамсыздандыру | | Алматы облысы | 2009 | 2020 | ҚРТС |
| Маңғыстау облысындағы « Кендерлі» халықаралық курорты аумағында қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп объектілерін орналастыру | Маңғыстау облысындағы « Кендерлі» халықаралық курорты аумағында қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп объектілерін орналастыру | Бәсекеге қабілетті туризмді дамытуын, қызмет көрсету саласын дамытуын туристік индустриясын құруын орнықты қамсыздандыру | Маңғыстау облысында туристік кластерді құру және дамыту шебер жоспары бекітілді, әуе жай құрылысы жобасының ТЭН бар, негізгі мақсаты - «Кендерлі» халықаралық курорты аумағындағы құрылыс жобасын іске асыруын қамсыздандыру болып табылады | Маңғыстау облысы | 2007 | 2015 | Маңғ облыс әкімді |
| Алакөл көлінің жағалауында қонақ үй кешенін салу | Шығыс Қазақстан облысында Алакөл көлінің жағалауында қонақ үй кешенін салу (өңірлік индустрияландыру картасы) | Алакөл көлінің жағалауында жыл бойы рекреациялық жаңа орталықты құру | | Шығыс Қазақстан облысы | 2009 | 2011 | «Ертіс |
| Жамбыл облысында « Көксай» тау шаңғысы базасын құру | Жамбыл облысында « Көксай» тау шаңғысы базасын дамыту | Туризм индустриясының бәсекеге қабілеттілігі арқылы бірлесіп әрекет ететін өңірлік туристік кластерлермен байланыстыратын базасында Қазақстанды | Бизнес жоспары бар | Жамбыл облысы | 2011 | 2014 | ҚР ТС |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әлемдегі 50 танымал туристік орталықтардың қатарына енуін қамсыздандыру | | | | | |
| Алматы қаласында «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортын кешенді дамыту | Алматы қаласында «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортын кешенді дамыту | Әлемдік деңгейде Орталық Азия аумағында жыл бойы шаңғысы курортын құру | | Алматы қаласы | 2007 | 2011 | « Самұ » «Ұ әл-аук АҚ Қазақ Даму АҚ |
| | Медеуден Шымбұлаққа дейін арқан жолын салу және тау шаңғысы курортының сырғанақ тебу аймағын кеңейту | | | | | | |
| Шығыс Қазақстан облысында «Нұртау» тау шаңғысы демалыс базасын 0айта жаңарту | Шығыс Қазақстан облысында «Нұртау» тау шаңғысы демалыс базасын қайта жаңарту | Сапалы жаңа инфрақұрылымды, қызмет көрсетуімен бірге туристік базаны құру | | Шығыс Қазақстан облысы | | | Шығ Қазақ облыс әкімді |
| Шығыс Қазақстан облысында «Алтай Альпісі» тау шаңғысы демалыс базасын жаңғырту | Шығыс Қазақстан облысында «Алтай Альпісі» тау шаңғысы демалыс базасын жаңғырту | Сапалы жаңа инфрақұрылымды, қызмет көрсетуімен бірге туристік базаны құру | | Шығыс Қазақстан облысы | | | Шығ Қазақ облыс әкімді |
| Алматы облысының Текелі ауданында тау шаңғысы базасын құру | Алматы облысының Текелі ауданында тау шаңғысы базасын құру | | | Алматы облысы | 2008 | 2011 | Алма облыс әкімді |
| Алматы облысының Қаскелең ауданында тау шаңғысы базасын құру | Алматы облысының Қаскелең ауданында тау шаңғысы базасын құру | | | | | | |
| Маңғыстау облысындағы Каспий жағалауының жағажай | Маңғыстау облысындағы Каспий жағалауының жағажай аумағын | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| аумағын жайғастыруды іске асыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету | жайғастыруды іске асыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету | Каспий жағалауының жағажай аумағын | | Маңғыстау | | | Маңғ облыс әкімді |
| Ақтау қаласында « Өнер қаласы» атты ұлттық кәдесыйларды, зергерлік бұйымдарды дайындау бойынша кәдесый фабрикасын ашу | Ақтау қаласында « Өнер қаласы» атты ұлттық кәдесыйларды, зергерлік бұйымдарды дайындау бойынша кәдесый фабрикасын ашу | Ұлттық туристік өнімді жылжыту | | Маңғыстау облысы | | | Маңғ облыс әкімді |
| Маңғыстау туризм колледжі аумағында ұлттық кәдесыйларды, зергерлік бұйымдарды дайындау бойынша шебер қолөнершілердің «Шеберлер ауылын» құру | Манғыстау туризм колледжі аумағында ұлттық кәдесыйларды, зергерлік бұйымдарды дайындау бойынша шебер қолөнершілердің « Шеберлер ауылын » құру | Ұлттық туристік өнімді жылжыту | | Маңғыстау облысы | | | Маңғ облыс әкімді |
| Алматы облысының Райымбек ауданында « Мойнақ» этнотуристік кешенін салу | Алматы облысының Райымбек ауданында « Мойнақ» этнотуристік кешенін салу | Алматы облысында туризмді дамыту | | Алматы облысы | | | Алма облыс әкімді |

*3-қосымша*

## Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаның қысқаша ақпараты

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1729; 23.10.2013 N 1139 қаулыларымен.

1.

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 — | |

| № | 2014 жылдарға арналған бағдарлама (Салалық бағдарламаның атауы) | Ведомствоаралық өзара іс-қимыл |
|---|---|---|
| | Салалық бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік органның атауы ҚРТСМ | Қоса орындаушы ұйымдардың - ведомствалардың тізімі Ішкі істер, Сыртқы істер, байланыс және ақпарат, Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы, экономикалық даму және сауда, Индустрия және жаңа технология, Денсаулық сақтау, Төтенше жағдай, Көлік және коммуникация, Қоршаған ортаны қорғау, Қаржы министрліктері, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Облыс, Астана және Алматы қалаларының әкімдігі, Қазақстандық Туристік Қауымдастық |

## 2.

| № | Өзекті проблемалардың тізбесі |
|---|---|
| | Қалаларда және жергілікті жерлерде орналасқан барлық инфрақұрылым Халықаралық талаптарға сәйкес келмейтін инфрақұрылымдар Қызығушылық тудырған объектілерде туристердің көп күн болуы үшін жағдай жасалмаған Инвесторларға қаржылық демеу тетігінің, преференциясы мен салық жеңілдіктері жоқ Қазақстанда экотуризм көзқарасымен саясаты Туристік объектілерге баратын кіреберіс жолдарының сапасы төмен/жоқ Кадрларды дайындау бағдарламасы нақты нарық қажеттілігіне сәйкес келмейді |

## 3.

| № | Мақсаты | Нысаналы индикаторлары |
|---|---|---|
| | Туризм индустриясын орнықты дамыту | «Саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілетілік индексі» тізімінде Қазақстанның орнын 2009 жылғы 92-ден 2015 жылы 90-ға көтеру** |

## 4.

| № | Өзекті шаралар (міндет топтары бойынша) | Міндеттердің көрсеткіштері |
|---|---|---|
| | Бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру | Туристік қызмет саласындағы қызметтерді ұсынатын ұйымдардың жиынтық кірісін 2015 жылға 2008 жылдың деңгейінен кемінде 12 %-ға ұлғайту |
| | | Туризм саласында негізгі капиталға инвестицияның өсімі 2015 жылға 2009 жылдың деңгейінен 30 %-ға өсіру |
| | Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру | туристік индустрия объектілерінің құрылысы есебінен туристік қызмет көрсетулердің жыл сайын кемінде 10 %-ға өсуі |
| | | келушілердің болу ұзақтығының 2009 жылдың деңгейінен 2010 жылы - 5 %-ға, 2011 жылы - 8 %-ға, 2012 жылы - 10 %-ға, 2013 жылы - 12 %-ға, 2014 жылы - 15 %-ға өсуі |
| | | Алматы қаласындағы Шымбұлақ тау шаңғысы курорты, Шығыс Қазақстан облысында Алакөл көлінің жағалауындағы қонақ үй кешені және Оңтүстік Қазақстан облысында «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенінің құрылыстары есебінен келушілер санының 2011 жылы — |

| | | |
|---|---|---|
| | | 210 000, 2012 жылы - 225 000, 2013 жылы - 370 000, 2014 жылы - 390 000 демалушыны құрайды |
| | Туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту | 2011 жылы туризм индустриясы саласында кәсіби стандарттар әзірленетін болады |
| | | туризм саласы үшін мамандар даярлау 2011 жылы - 1 000, 2012 жылы - 1 100, 2013 жылы - 1 200, 2014 жылы — 1 300 адамды құрайды |
| | Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру | ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуді ескере отырып, 2014 жылы экскурсовод-гидтерді даярлау және сертификаттау моделі әзірленеді, кемінде 4 туристік пакет дайындалады |

# 5.

| № | Қажетті ресурстар | |
|---|---|---|
| | Ресурстардың сипаттамасы | Көздері |
| | 2010 - 2014 жылдары бағдарламаны іске асыруға барлығын 4 252 145 377,8 мың теңге талап етіледі | Республикалық:<br>2010 ж. - 750 364,0 мың теңге;<br>2011 ж. - 2 811 492,0 мың теңге;<br>2012 ж. - 269 625,0 мың теңге;<br>2013 ж. - 269 625,0 мың теңге;*<br>2014 ж. - 268 825,0 мың теңге;*.<br>Жергілікті:<br>2010 ж. - 8 766,8 мың теңге;<br>2011 ж. - 361 180,0 мың теңге.<br>Инвестициялар есебінен:<br>4 247 405 500,0 мың теңге |

# 6.

| № | Мүмкін болатын тәуекел | Тәуекелді басқару жөніндегі шаралар |
|---|---|---|
| | Туристік ағымдар көлемінің төмендеуі | Туристік қызмет субъектілері үшін салық ауыртпашылықты төмендету бөлігінде мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде шараларды қабылдау |
| | Инвестициялық белсенділіктің төменгі деңгейі | Туристік қызмет субъектілері үшін салық ауыртпашылықты төмендету бөлігінде мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде шараларды қабылдау және қолайлы инвестициялық ахуал үшін жағдай жасау үшін инвесторларға жеңілдіктер мен преференцияларды ұсыну, оның ішінде АЭА құру, инвестициялық жобалардың мерзімін ұзарту |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК